

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ

Келісім 2000 жылғы 11 мамыр Астана

Біздер, Қазақстан Республикасының Президенті мен Литва Республикасының Президенті,

жаңа мыңжылдық қарсаңында, Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы, оның ішінде халықаралық тұрғыдағы, қарым-қатынастардың дамуының жәй-күйі мен келешегіне қатысты болған пайдалы әрі жан-жақты пікір алмасуды атап өтіп,

Литва Республикасының Президенті Валдас Адамкустың 2000 жылғы 10-12 мамырдағы Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары барысында болған келіссөздердің нәтижелерін қорытындылай отырып,

1993 жылғы 7 қарашада Алматы қаласында жасалған, Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы шарттың Р941336_ ережелерін басшылыққа ала отырып, сондай-ақ бұрын қол жеткізілген екі жақты уағдаластықтарды негізге ала отырып,

өзара мүдделілік білдірілетін салаларда тең құқықты және өзара тиімді ынтымақтастық рухында достық қатынастарды одан әрі дамытуға және тереңдетуге ұмтыла отырып,

жалпы жұрт таныған халықаралық құқық нормаларына, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне, Хельсинки Қорытынды актісінің ережелеріне және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның басқа да құжаттарына өздерінің адалдығын қуаттай отырып, төмендегілер туралы мәлімдейміз:

саяси, экономикалық, мәдени, гуманитарлық және басқа да салаларда елеулі әлеуеті бар, екі мемлекет арасындағы достық қатынастардың маңызды, басымдықты сипатын атап көрсетеміз;

екі жақты ынтымақтастықтың дамуын аймақтық және ғаламдық тұрғыда бейбітшілік пен тұрақтылықты одан әрі нығайтудың кепілдігі ретінде қараймыз; әлемдік қауымдастық елдерінің тұрақты дамуы мен экономикалық гүлденуін негізге алатын халықаралық ұйымдардың шеңберінде анағұрлым тығыз өзара іс-қимылдың өсетінін отырған қажеттілігін атап өтеміз;

жетекші еуропалық бірлестіктермен және ұйымдармен, атап айтқанда Еуропалық Одақпен, Еуропалық Кеңеспен ынтымақтастықты дамытуға және жақындасуға ұмтылысты қуаттаймыз, сондай-ақ осы салада бір-бірімізге жәрдем көрсетуге дайын

екендігімізді

білдіреміз;

екі жақты қатынастардың шарттық-құқықтық базасының елеулі әлеуетін атап өтеміз және оны барынша пайдалану қажеттігіне назар аударамыз;

екі жақты негізде де, сондай-ақ халықаралық және аймақтық ұйымдар шеңберінде де халықаралық терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына, заңсыз көші-қонға қарсы күресте ынтымақтастықты кеңейту мен күш-жігерді үйлестіру туралы уағдаластықтарға қол жеткіздік;

Қазақстан Республикасының Президенті Литва Республикасының Еуропалық Одаққа мүше болуы туралы келіссөздердің басталуын қолдайды, бұл орайда Литваның Еуропалық Одаққа келешекте мүше болуы екі мемлекет арасындағы, сондай-ақ Қазақстан мен Еуропалық Одақ елдері арасындағы түрлі салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және тереңдетуге жәрдемдесетін болады деп сенім білдіреді;

Қазақстан Республикасының Президенті Литва Республикасының Солтүстік Атлантика Шарты Ұйымына кірігу құқығын таниды;

Литва Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының аймақтық тұрақтылық пен бейбітшілікті нығайту жөніндегі сындарлы күш-жігерін қолдайды, оның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңесті шақыруға қатысты бастамасын қолдайды, аталған Кеңес халықаралық қауіпсіздік жүйесінде жаңа маңызды буын, мемлекетаралық өзара қатынастарды үйлестіру құралы ретінде қызмет етеді;

Литва Республикасының Президенті үшінші мыңжылдықтың әлемдік қауымдастығындағы өзінің орнын, даму перспективалары мен бағдарларын Қазақстан Республикасының терең әрі жаңаша сипатта пайымдауға ұмтылысына үлкен назар аударды;

сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық Қазақстан-Литва комиссиясы жұмысының басталуын қолдаймыз және комиссияның осы саладағы екі жақты байланыстарды нығайту мен дамытуды көтермелеуге арналған тиімді жұмысының маңыздылығын атап көрсетеміз;

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты дамытуға мүдделілігін және екі мемлекеттің мұнай өнеркәсібі әлеуетін ескере отырып, Қазақстан мен Литваның мұнай компаниялары арасындағы басталған диалогты қолдаймыз. Осы компаниялар арасында коммерциялық тұрғыдан негізделген ұзақ мерзімді сауда байланыстарын орнатуды қолдаймыз және екі мемлекет үкіметтерін осындай байланыстарды дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызуға шақырамыз;

екі жақты ынтымақтастықтың басымдықты бағыттарының бірі - көлік коммуникацияларын дамыту, екі мемлекет арасындағы көлік қозғалысын ұлғайтуға

жәрдемдесу және осы салада жасалған келісімдерді іс жүзінде жүзеге асыруды қамтамасыз ету болып табылатындығын атап көрсетеміз;
екі мемлекет Парламенттері арасындағы байланыстардың одан әрі дамуына және тәжірибе алмасуына жәрдем көрсету ниетін растаймыз;
ғылым мен техника, мәдениет, өнер, білім, туризм және спорт саласында ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттілігін қуаттаймыз;
экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басымдықты мән бере отырып, қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласында тығыз ынтымақтастықты дамытуға келістік;

Литва Республикасының Президенті әлемдік қоғамдастықты, халықаралық ұйымдар мен қаржылық институттарды Арал теңізі өңірі мен бұрынғы Семей ядролық полигоны аймағындағы экологиялық және әлеуметтік проблемаларды шешуге, сондай-ақ халықтың денсаулығын оңалтуға тарту жөніндегі Қазақстан Республикасының күш-жігерін қолдайды.

Астанада 2000 жылғы 11 мамырда, әрқайсысы қазақ, литва және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды.

(Қолдары)

М а м а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.